

Ш.Ш. Жалмаханов^{1*}А.Е. Жартыбаев²¹Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан²Silkway Халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: szhalmakhanov@bk.ru

Түркілік «от» ұғымының этимологиясы¹

Аңдатпа. Тіліміздегі көптеген лексикалық бірліктер мен олардың мағыналарының төркіні мен тарихына этимологиялық талдаулар жүргізілуі керек. Ал этимология теориялық негіздеуді, талдаудың әдістемелік жетілуін талап етеді. Белгілі бір сөздің немесе сөздердің төркіні мен тарихын анықтау мақсатын орындау үшін сөздердің бірінің бастапқы мағынасын, екінші бір сөздің басқа мағыналарын, үшінші бір сөздердің лексикалық немесе фразеологиялық тіркес, мақал-мәтелдер құрамындағы мағыналарын талдау, жинақтау және жүйелеу қажет. Бұл мақсат-міндеттердің лингвистика тарихында қарастырылуы ғылым пайда болғалы бар десе де болады. Себебі сөздердің төркіні мен тарихы адам баласын тәжірибелік, ғалымдарды ғылыми тұрғыларда қызықтырып отырған. Ізденістің негізгі нысаны сөз мағынасының тарихы болғандықтан, ретроспективалық әдістің синхрония-диахрония, анализ-синтез, индукция-дедукция, жекелеп және кешенді талдау тәсілдері кеңінен қолданылады.

Мақалада түркі тілдеріне ортақ «от» түбір сөзінің түбір сөз, туынды сөз, лексикалық тіркес, фразеологиялық тіркес құрамындағы лексикалық және грамматикалық мағыналары мен грамматикалық формалары толық есепке алына отырып, түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары түгел талдау нысанына айналды. Этимонның этимологиясын зерттеу сөз семантикасы, семантикалық деривация, деривациялық процесс, реконструкция түрлері және семантикалық реконструкция және сөз этимологиясының негізі – компаративистика деген 5 тағаннан тұрады. Этимологиялық талдау жасалатын сөз фонемалық, морфемалық, лексемалық және синтагмалық деңгейлерде, яғни кешенді түрде талданды.

Түркі «от» ұғымының этимологиясын сөз семантикасы, сөз тіркесі семантикасы, түбір сөз семантикасы, туынды сөз семантикасы, күрделі сөз семантикасы тұрғыларынан талдай отырып, «от» семасының архисемасы – «өсімдік» мағынасы деген түйін жасауға болады.

Түйін сөздер: сөз мағынасының төркіні мен тарихы, түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері, этимологиялық реконструкция, фоно-морфо-синтагма-семантикалық өріс.

DOI: 10.32523/2616-678X-2021-135-2-40-54

¹ Мақала ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2021-2023 жж. арналған қаржыландыру гранты бойынша (AP09260486) «Қазақ тілінің тарихи-лингвистикалық аспектіде дамуы (әз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XII ғ.) материалы негізінде)» ғылыми жобасы аясында дайындалған

Кіріспе

Сөздің мағынасы – адамның өмірі, халықтың тағдыры, қоғамның өзгерістері, табиғаттың құбылыстары секілді күрделі құбылыс. Өмірбаян, тағдыр, тарих сияқты сан алуан. Тағдырдың тарихи талайын тану қиын, болашағын болжау мүмкін емес. Ал сөз мағынасының жүйелі заңдылықтары мен ережелерін ретроспективалық әдіспен талдауға, тануға болады. Тарихи семантикалық деривациясы танып-білу, зерттеп-зерделеуден өтпеген тіл лексикасы – өмірбаяны жоқ адам, тарихы жоқ халық, заңы жоқ қоғам тәріздес.

Тарих жеке бір құбылыс немесе бірнеше құбылыстың жиынтығы емес, ол тарихи кезеңдер мен дәуірлерді тарихи салыстырудан басталады. Сондықтан да қазақ тілінің семасиологиясын, оның ішінде сөздердің мән-мағыналарының өзгеруін, диахрондық тұрғыда түркі тілдерінің және қазақ тілінің тарихымен салыстыра қарастыру қажет. Семасиологиялық құбылыстарды, яғни түркі жазба ескерткіштері, қазіргі түркі тілдері және қазақ тілі материалдарының негізінде, олардың арасындағы семасиологиялық ортақ заңдылықтарды айқындаған жөн. Түркі лексикасындағы дыбыстық құрамы ұқсас, бірақ мағыналары басқа және мағынасы да, дыбыстық құрамы да бірдей сөздердің тарихи мазмұндық байланысын табу ләзім. Себебі тілдердің туыстығының материалдық көрсеткіші – сөз ортақтығы, ұқсастығы, идеялық көрсеткіші – сөздердің мән-мағыналарының жуықтығы, бірдейлігі.

Көне және орта ғасырлардағы түркі ескерткіштерінің қазіргі түркі тілдерінің барлығына қатысты екендігі белгілі. Олардың барлығын ортақтастырып тұрған тектес, төркіндес, туыс екенін айғақтайтын басты тілдік факті – «түркі» деп аталатын тілдердің сөздік қоры, яғни тілдер туыстығының басты белгісі – сөздер ортақтығы. «Тіл тарихын жете білу үшін фонетикалық сәйкестікпен бірге сөздердің семантикалық жақтан өзгеру, даму заңдылықтарын да есепке алу қажет. Лингвистикалық зерттеулерде фонетикалық заңдар мен семантикалық заңдарды ұштастыра білу – тіл тарихын,

оның даму жолдарын танып-білудің кілті» [1, 332 б.]. Немесе «салыстырылатын сөздердің бір жағынан мағыналары ескерілсе, екінші жағынан дыбыстар заңы ескерілуі керек» [2, 22].

Зерттеудің мақсат-міндеттері мен әдістері

Тіліміздегі көптеген лексикалық бірліктер этимологиялық талдауды және мағыналарын түсіндіруді қажет етеді. Этимология теориялық негіздеуді, талдаудың әдістемелік жетілуін талап етеді. Лексикамыздың семантикалық деривациясын этимологиялық талдаудың мақсат-міндеттеріне сәйкес реконструкциялаудың барлық әдіс-тәсілдері мен элементтері қолданыла бермеуі мүмкін. Соған байланысты мағыналары күңгірттенген (деэтимологизацияланған) сөздердің бірінің бастапқы мағынасын, екінші бір сөздің басқа мағыналарын айқындау керек болады. Үшінші бір сөздердің лексикалық немесе фразеологиялық тіркес, мақал-мәтелдер құрамындағы қазір деэтимологизацияланған сөздерді анықтау қажет болады. Көне, орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің деректері: 1) сөздердің фонетикалық модификация, гомогенді морфологиялық синонимдер және грамматикалық коррелятивтер жиынтығын, 2) оның фоно-морфо-семантикалық өрісін тану арқылы ғана анықталады. Мұндағы лексикалық негіздің фоно-морфо-семантикалық өріс – фонетикалық, морфемалық модификациялардың, негізгі және көне мағыналардың этимологиясы – қарастырылып отырған лексикалық негізден туындаған сөздердің жиынтығы [3,3]. Түркі тілдері лексикасының түбір сөздерінде бастапқы, негізгі мағыналардың, ал туынды сөздерде негізгі, бастапқы мағыналардың белгілері сақталады. Сондықтан түбірдің бастапқы мағыналарын айқындауда туынды негіздерді, түбір немесе оның бастапқы мағынасы қолданудан шығып қалған жағдайда түбір мен оның бастапқы мағынасын туынды негіздердегі кейінгі мағыналар арқылы да қайта қалпына келтіруге болады (4,44).

Лексикалық семантиканың деривациясын тарихи тұрғыда зерттемей тарихи процесс нәтижесі болып табылатын түркілік ортақ лексиканың семантикалық өзгерулерінің себеп-салдарларын, заңдылықтары мен ережелерін, жолдары, типтері мен түрлерін айқындап, құрамы, құрылымы және жүйесін белгілеу мүмкін емес. Лексиканың семантикалық деривациясы тілдік процесс ретінде тарихи дәуірлері (V-XIV ғғ.), тілдік фактілері (түркі жазба ескерткіштері және қазіргі түркі тілдері) салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы аспектілерде зерттеуді қажет етеді. Сондықтан да ізденісіміздің материалы – «от» этимонын түркі жазба ескерткіштері, қазіргі түркі тілдері мәліметтері негізінде талдаймыз.

Зерттеудің тарихы. Сөз мағынасының тарихи өзгерістері семантикалық деривация теориясының негізінде ғана зерттеліп, зерделенбек. Сондықтан да семантикалық деривация теориясының негіздеріне талдау шолу жасау қажет. Орыс лексикологы Ф.П.Филин ескерткендей, түркі лексикасының семантикалық деривациясын толық зерттеу, зерттеп тастау мүмкін емес, себебі: а) ең қажетті, жиі қолданылды деген сөздің өзі жазба ескерткіштерге түспеуі мүмкін, ә) сөздіктер мен картотекаларда барлық сөздер жиналған жоқ, б) көптеген сөздер деэтимологизацияға ұшырап кеткен [5,5], в) тарихи фонетикада тіл дыбысы, тарихи грамматикада морфологиялық формалар мен синтаксистік конструкциялау санаулы да, тілдегі сөз көп. Оның үстіне сөздік құрамға бір-біріне қарама-қайшы көлемділік, өзгергіштік, сақталғыштық және тұрақтылық деген 4 қасиет тән [5,3-4]. Сондықтан да А.М.Щербак «Совершенно особое и относительно самостоятельное направление этимологических исследований – семантические реконструкции (ерекшелеген біз – Ш.Ж.), не имеющие до сих пор солидной теоретической основы и производимые без тщательно разработанной методики» [6,8] деген талап қояды.

Үндіевропа лингвистикасының өзінде тілдердің материалдық-формалық бірліктері ғана модельденіп реконструкцияланғанмен,

олардың идеялық-мазмұндық жағы модельденіп реконструкцияланбаған іс [7,107]. Сондықтан да жекелеген сөздердерге этимологиялық талдау жасамас бұрын төмендегідей теориялық, әдістемелік және практикалық мақсаттарды айқындап алуымыз керек. Олар: а) *теориялық мақсаттары:* 1) түркі тілдеріне ортақ лексиканың семантикалық деривациясына анықтама беру, 2) сөздің тарихи-семантикалық құрылымын реконструкциялау, 3) семантикалық деривация мен мазмұндық реконструкцияны компаративистика мен этимологияда қолданудың теориялық, практикалық маңызын ашу, 4) түркі жазба ескерткіштеріндегі лексиканың мағыналық өзгеру тенденцияларын айқындау, 5) тарихи полисемияның дәйектемелік сипатын, лексикалық-семантикалық, лексикалық-тақырыптық, лексикалық-грамматикалық топтарын, яғни лексикалық-семантикалық жүйесін және мағына түрлері мен олардың байланысу тәсілдерін анықтау, 6) полисемия жүйе және құрылым болғандықтан, бөлшектен бүтінге қарай, яғни сөздің жеке түркі тілдеріндегі жеке мағыналарынан жалпы түркілік полисемияға; құрылым ретінде бүтіннен бөлшекке қарай, яғни жалпы түркілік полисемиядан жеке түркі тілдеріндегі жеке мағыналарға талдау. У.Вейнрейхтің: «Практика семантических исследований обнаруживает бесплодность рассуждений по поводу изолированных фактов; для прогресса в области теоретической семантики необходимо изучение систем взаимосвязанных единиц» [8,165] дегеніндей түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің қазіргі қазақ тілімен ортақ лексикасының семантикасын жүйелі түрде зерттеу арқылы ғана өзара мағыналық байланыстағы сөздерге ортақ семантикалық теория жасауға болады. Сол арқылы қазақ лексикасының тарихи-семантикалық деривациясының, мағына этимологиясының негізгі теориялық ережелері негізделеді. Түркі жазба ескерткіштері мен олардың түркі тілдерімен байланысына арналған зерттеулерде тарихи лексиканың тағдырын

қарастырса, біз сол түркі лексикасының тарихи семантикасының деривациясын зерттеуді нысана етеміз; ә) *әдістемелік мақсаттары*. Мағынасы өзгерген сөздердің бастапқы және кейінгі мағыналарының ара қатысын, айырмашылықтарын және байланыстарын айқындау қажет. Айқындау үшін дыбыстық өзгеріске түскен және түспеген сөздерді қазіргі түркі тілдеріндегі, түркі жазба ескерткіштеріндегі түбірлес (формалас) және мағыналас (мазмұндас) сөздермен салыстыру керек. Салыстырылатын сөздер сөздің семантикалық структурасының 1) түбір мағынасының жалпылығы, 2) семантикалық элементтердің жалпылығы, 3) ассоциативтік белгілерінің жалпылығы деген 3 типі [9,233] арқылы анықталады. Салыстыру үшін бастапқы мағынадағы сөздердің денотаттық (заттық), сигнификаттық (мазмұндық) белгілерін, яғни архисемаларын (бастапқы, негізгі белгілерін) анықтап, осы архисемалардың қайсысы кейінгі мағынадағы сөздер үшін мазмұндық, формалық байланыстырушы белгі (интегралсема), қайсысы айырушы, саралаушы белгі (дифференсема) екендігін айқындап, бастапқы және кейінгі мағыналардағы сөздердің түбірлес (омоним) қана емес, төркіндес, тектес (гомогенді, генетикалық байланыста) екендігі дәлелденеді. Ол үшін интегралды, лингвостатистикалық, сипаттама, салғастырмалы, салыстырмалы, салыстырмалы-тарихи және құрылымдық әдістер қолданылады; б) *практикалық мақсаттары*: 1) түркі жазба ескерткіштерінде сақталған түркі лексикасының санын анықтау; 2) осы түрлі тарихи кезеңдер мен дәуірлердегі өзгерістердің сөздің лексикалық семантикасына әсер етуінің сапасын айқындау; 3) оларды хронологиялық тәртіппен тізбелеп, сөздерді «инвентаризация» жасау; 4) нәтижесінде түркі лексикасының тарихи-салыстырмалы семантикалық сөздігінің үлгі-жобасын жасау.

Тілдік материалдарды талдау, жүйелеу-зерттеу кезінде анықталатын құбылыстар болады. Оның заңдылықтарын түсіндіруде қиындықтар кездеседі. Оның 3 себебі бар.

Олар: 1) ізденіс фактілерінің жеткіліксіздігі; 2) ізденістің әдіс-тәсілдерінің жетілмегендігі [7,4]; 3) тілдік фактінің құбылыс ретінде қалыптаспағандығы.

Көне және орта ғасырлардағы түркі тілдерінің фонетикалық, грамматикалық бастапқы күйін қалпына келтіре алмайтынымыз секілді, ол ескерткіштер тіліндегі түркі лексикасының семантикалық күйін де түгелдей реконструкциялау мүмкін емес. Дегенмен де олардың заңдылықтарын, жүйесін айқындау міндет. Онсыз лексиканың семантикалық тарихы болмайды. Ал тарихсыз құбылыс болмайды.

Түркі лексикасының семантикалық деривациясын зерттеу лексиканың семантикалық өзгеруінің негізгі үрдістерін анықтау, түркі жазба ескерткіштерінің қазіргі қазақ және қазіргі түркі тілдерімен генетикалық байланыстарын белгілеу қажет. В.Г.Кондратьевтің сөзімен айтқанда: «При сопоставлении различных словарей тюркских языков необходимо учитывать их наиболее существенные отличительные особенности в совокупности. При установлении генетических связей между тюркскими языками следует принимать во внимание только те общие черты, которые сближают сопоставляемые языки и в то же время отличают их от других тюркских языков» [10,5]. «Сөздердің ...ішкі мағыналық жағын пайымдау үшін, сөздің семантикалық құрылымын толық зерттеу қажет» [11,75-76].

Лексикалық қорды салыстырмалы-тарихи аспектіде зерттеу үшін: а) көне сөздік қордан белгілі бір сөздер тобын бөліп алып, ә) сөздердің даму, өзгеру заңдылықтарын айқындап, б) оларды семантикалық процесін жеке тіл немесе жеке тіл топтарының материалында зерттеу керек. Бұл салыстырмалы-тарихи лексикологияның негізін құрайды [12,41]. Себебі «каждый синхронный срез языка представляет собой совокупность данных, свидетельствующих не только о фиксируемой структуре языка, но также и о предшествовавших ей состояниях» [13,12]. «... Надо привлекать любые источники, и чем больше их, тем шире

удаётся охватить лексический материал» [6,8]. «Чем больше углубиться в прошлое, чем больше собрать исторического материала, тем больше шансов для удачного толкования исследуемого слова» [14,56]. Бұл сөздер бұдан былай: «түркі жазба ескерткіштеріндегі қазіргі түркі тілдеріне ортақ лексика» деген шартты атаумен топтастырылады. «Түркі жазба ескерткіштеріндегі қазіргі түркі тілдеріне ортақ лексика» деген атаудың шартты болуының себебі – түркі жазба ескерткіштерінің лексикасы 1) барлық түркі тілдеріне ортақ, 2) бірнеше түркі тіліне ортақ, 3) кейбір түркі тілдеріне ортақ, 4) бір ғана тіліне тиесілі болып келетіндігі. Жалпы, Л.Блумфильдтің тілді, М.М.Покровскийдің сөз мағынасын зерттеуді фонология мен формадан және фонетикадан бастау керек деген түйіндері [15,164] үнемі қолайлы, тиімді, дұрыс бола бермейді. Себебі, біріншіден, сөз дыбыстардан құралғанмен, сөз мағынасы дыбыстардан құралмайды, екіншіден, тіл білімі тіл дыбыстарын зерттеуден басталғанмен, тіл сөзден басталады, үшіншіден, лингвистиканың лексикология саласы мен оның семасиология тармағы сөзді зерттейді. Біз «түркі лексикасы» деп отырған сөздер жоғарыдағы 4 топтың құрамында да болуы мүмкін.

Тарихи лексикология мен тарихи семасиология бір-бірінен ажырамас бірліктегі, тығыз байланысты сала-тармақтар болғанымен, олардың өзіндік зерттеу нысандары бар. Бұл сала-тармақтардың бір-біріне бағынышты байланыста болуының басты себебі – сөздің (лексеманың) мағынасыз, мағынаның (семеманың) сөзден тыс болмайтындығында, сөзбен таңбаланатындығында. Демек сөзсіз мағына, мағынасыз сөз болмайды. Олар табиғи бірлікте. Ал тарихи семасиология мен тарихи лексикологияның бір-бірінен ара қатынасының ажырайтын тұсы тарихи дәуірлер мен кезеңдер, түрлі тарихи процестер нәтижесінде сөз мағынасынан, мағына сөзден ажырайды. Сөздің білдіретін мағынасы, мағынаны таңбалайтын сөз өзгереді. *Мағынаны таңбалайтын сөздің тарихи процестер*

нәтижесінде өзгеруін тарихи лексикология, сөздің білдіретін мағынасының тарихи процестер нәтижесінде өзгеруін тарихи семасиология зерттейді. «Сөз тарихы лексикологияға, мағына тарихы семасиологияға қатысты» [17,104]. Салыстырмалы-тарихи лексикология түркі лексикасының салыстырмалы-тарихи сөздік жасауға негіз болады.

Сөздің білдіретін мағынасының өзгеруінің басты себебі – экстралингвистикалық факторлар. Сөздің көп мағыналы болуы, оның өзгеруі мен дамуы – ұзақ және қайшылықты процесс. Сөз мағыналарының өзгеруі және зат атаулары мен заттың қасиеттері, қызметтерінің өзгеруі тепе-тең құбылыстар емес, тепе-тең болуы мүмкін де емес. Себебі сөз өзгеруі мен зат өзгеруі бірдей емес. Бұл өзгерістер «құрылым құрамындағы мағыналар арасындағы байланыстардың күшеюіне немесе әлсіреуіне әкеп соғады. Сондықтан белгілі бір дәуірлерде қалыптасқан мағыналар арасындағы байланыстар қалпы бұзылады. Көп мағыналы сөз құрылымының логикалық-семантикалық негіздері өзгереді» [18,14]. Осыдан келіп сөз бен мағына бірлігінің гносеологиялық, семиотикалық және семантикалық аспектілерін қарастыру қажеттілігі туындайды.

Академик Ә.Т.Қайдаров «Тюркская этимология: проблемы и задачи» атты баяндамасында [19,5-25] этимологиялық реконструкцияны зерттеудің барлық жағдайына арналған универсалды ғылыми-теориялық талдау әдістері мен критерийлерінің болмайтындығын ескерте келіп, этимологияның фонетикалық, морфологиялық критерийлерімен қатар, семантикалық критерийлерді де белгілейді. Олар: 1) лексикалық бірліктің бастапқы және кейінгі мағыналарының қайсысы бастапқы мағынасыекенінтапбасыптану, 2) сөзмағынасы дамуының жалпыдан жекеге, бүгіннен бөлшекке немесе керісінше болатынын ескеру, 3) сөз тұлғасының дыбыстық өзгеріске түсуі, оның мағынасының өзгеретінін немесе сараланатынын естен шығармау, 4) гомогенді және гетерогенді омонимдерді шатастырмау, 5) сөз мағынасының өзгеруінде тілдік қана

емес, тілдік емес факторлардың болатынын бағамдау, б) кейбір сөздердің мағынасын салыстыруда қазіргі ғана емес, олардың тарихи түбірлес екенінде (сағақ, сақал, сағанақ, сағалдырық, саға, сағана, сағалау, сағлақ) ұмытпаудың қажеттілігі. Түркі тілдерін семантикалық критерийлермен этимологиялық реконструкциялаудың фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық реконструкциялаудан кенже қалып келе жатқандығын: 1) бұл объектінің табиғатынан, яғни элементтері мен бірліктері жүйесінің көптігі мен кеңдігінен, 2) семантикамен шұғылдану тіл білімінде марлық дәуірден кейін әуестенушілік болып саналуы, 3) тілдік таңбаның мазмұндық жағын жалпы жете бағаламаудан деп түсіндіреді.

Қ.Өмірәлиев, Ә.Ибатов, Е.Жұбановтардың «тіл тарихы – тілдің өз қойнауында», «жеке тілдердің пайда болу және қалыптасу тарихын тек қана көнеден жаңа дәуірге қарай зерттеу емес, керісінше, қазіргі тілдік фактілерге сүйене отырып, қазіргіден көне заманға қарай, жаңадан ескіге, ескіден көнеге, көнеден ежелгі заманға қарай сатылай отырып зерттеген дұрыс» [20,66] деген пікірлері ретроспективалық әдістің ұтымдылығына нұсқайды,

Этимондардың этимологиясын зерттеу сөз семантикасы, семантикалық деривация, деривациялық процесс және реконструкция түрлері, семантикалық реконструкция және сөз этимологиясының негізі – компаративистика деген 5 тағаннан тұрады. Этимологиялық талдау жасалатын сөз фонемалық, морфемалық, лексемалық және синтагмалық деңгейлерде, яғни кешенді түрде талданады. Осы аспектілерде талдану барысында сөздер жоғарыда атап өткен 5 тағанның ретроспективалық конструкциясынан өтеді.

Сөз форма мен мағынаның бірлігі, сондықтан фонема, морфема форма ретінде реконструкцияланса, семема (мағына) лексеманың мазмұндық жағы да тілде реконструкциялануы керек. «...Исследования по исторической семантике играют в этом вопросе решающую диагностическую роль, ...и лишь история значения, реконструкция

древнего значения слова учит нас считаться с эволюцией значения как единого целого, а не как суммы сем или дифференциальных признаков» [21,7]

Этимологиялық зерттеудің материалы – алыс және жақын туыстықтағы тілдердің көне және қазіргі тілдік деректер, себебі тарихи немесе қазіргі тұрғыда салыстыруға болатын құбылыстар ғана салыстырылады. О.Сүлейменовтің толық этимологияның схемасы: « а) воссоздание точной системы лексических соответствий; б) определение морфологического типа слова, которому бы соответствовала восстановленная праформа; в) реконструкция первоиероглифа – графического образного знака, название которого и стало словом» деп көрсетуі [22,23] түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріне ортақ лексиканың семантикалық деривациясын тексеруге де қатысты.

Этимология негізінен тарихи лексикологияның тармағы, өйткені сөздің төркіні мен тарихынсыз этимология немесе этимологиясыз сөздің тарихы мен төркінін айқындау мүмкін емес. Сөз мағынасының тарихының өзгеруі, яғни түркі лексикасының семантикалық деривациясы – тарихи семасиологияның негізгі нысаны, демек этимология сөз мағынасының өзгеруінің де тарихымен, төркінімен ажырағысыз байланыста.

Орыс лингвисті О.Н.Трубачев: «Этимологическое значение слова представляет не только исторический интерес, ...но и ключ к пониманию современной семантики слова» [21,9] десе, француз лингвисті В.Пизани: «...Объяснит изменения значения равносильно установлению этимологии нового слова, которое формально идентично старому, т.е мы должны восстановить весь процесс, в результате которого новое слово было первоначально создано» [23,142] деген пікірі этимологиялық зерттеулерде семантикалық принципті қолданудың маңызын дәлелдесе, О.Н.Трубачевтің «Этимология, связанная с ней реконструкция древнего значения важно не только сама по себе и для себя, но и для полного адекватного анализа современного значения слова» [21,11] деген пікірі сөз

этимологиясын танудағы реконструкцияның маңызын белгілейді.

Мағыналық байланыстағы сөздердің тектестігі мен төркіндестігінің тарихын айқындау үшін, салыстырылатын сөздерді қазіргі тілдер мен туыс тілдердің түрлі тарихи кезеңдердегі мәліметтердің тектестігі мен төркіндестігінің ықтималдылығын анықтау үшін бастапқы мағына, оның қандай өзгерістерге ұшырағанын, қандай зат-құбылыстардың атауы болғандығын білу, болмаса болжай білу, анық аналогияларға сүйене отырып, ескерткіштердің мәліметтерін, оның фонетикалық заңдарын пайдаланып көне түрін реконструкциялау қажет [24,165]. Фонетикалық заңдар, біріншіден, сөздің көне түлғасын қалпына келтірумен қатар оның мағыналық ассоциясын анықтаудың құралы, екіншіден мағыналарды бір-біріне кездейсоқ жақындастыруға, қисынсыз байланыстыруға жол бермейді [24,166]. Поляк лингвисті Ф.Славский: «Огромную ценность для этимологических исследований представляет детальное знание и ареала распространения по возможности в наиболее отдаленное прошлое нередко позволяет произвести реконструкцию первичной морфологической или семантической мотивации» [25, 56] дейді.

Реконструкция мен этимология – бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Реконструкция этимология жасау үшін қажет, этимология реконструкция арқылы іске асады. Зерттеуші Б.И.Татаринцевтің пайымдауынша, сөз этимологиясын айқындау үшін: 1) лексикалық-семантикалық сипаты, 2) сөздің тіл ішіндегі, туыс тілдер аралығындағы мән-мағыналық байланыстары (ұқсастықтары мен ерекшеліктері), 3) семантикалық реконструкциясы жасалуы, 4) белгілі бір объектінің белгілі бір сөзбен таңбалануының диахрониялық тұрғыда негізгі немесе дәйектеуші екені (ономазиологиялық экскурс жасау) қатаң есепке алынуы керек [26,35] Семантикалық реконструкция дегеніміз – дәйектеуші семантикалық белгі. Семантикалық белгі сема деп те, мағына компоненті деп те, немесе мағына деп те аталуы мүмкін. Семантикалық реконструкцияны дәйектеуші семантикалық

белгілер негізінде жүргізбегендіктен, этимологиялық талдаулар мен зерттеулерде орын алып жүрген 4 кемшілік бар. Бірінші кемшілік – семантикалық реконструкция жасау үшін дәйектеуші семантикалық белгілерді айқындамастан, яғни мазмұндық жағына көңіл аударылмастан, фонетикалық заңдылықтар негізінде ғана архетиптер, праформаларды анықтауды этимологиялау деп есептеу. Екінші кемшілік – бірнеше туыс және туыс емес тілдерден мысалдар келтіріп салыстырады, зерттеушілердің бұл сөздердің этимологиясы жөніндегі пікірлерін келтіріп, автордың өзі кейбір келіспейтін тұстарын баяндайды, яғни этимолог тағы да этимологиялық шешімге және дәйектеуші семантикалық белгіні реконструкциялауға жетпей «жығылады» деген сөз, үшінші, төртінші кемшіліктерге ортақ осалдық – дәйектеуші семантикалық белгілерді табуға талпыныс жасалып, оларды дұрыс таппау, этимологтың ойын тұйыққа тіреуі. Үшінші кемшілікті, нақтылай айтқанда, дәйектеуші семантикалық белгі ретінде жанама, көмекші немесе туынды белгілердің алынуы. Төртінші кемшілік – бірнеше дәйектеуші семантикалық белгі санамаланып, олардың қайсысының негізге алынатындығының айқындалмайтындығы [26,36-40].

Демек семантикалық деривация процесін реконструкциялау түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері және қазақ тіліне ортақ жалпы түркілік немесе түркі тілдері аралық лексиканың толық тізбесін, лексикографиялық түзілімін жасап, гомогенді, генетикалық тектес түбір, негіз морфемаларды семантикалық аспектіде салыстыру және тарихи-салыстыру жүргізіліп, этимологизациялануға тиіс сөздердің тарихы мен төркінін дәуірлік, ескерткіштік және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып табамыз.

Талқылау мен талдаудың нәтижелері

Кез келген сөздің шығу төркіні мен тарихын қарастыра беруге де болмайды. Себебі академик В.И.Абаевтың «Не каждое слово имеет право на этимологию» деп тауып айтқан Оның практикалық та,

Р/с	Сөздер	Мағыналары	Ескерткіш
1	2	3	4
I.1	От (з.е.)	1.Шөп, көк от-іғач – өсімдік	*Той, МҚ, Рах. МӨЖ, ММ
		2.Дәрі	МҚ, ЖБ, Рах.
		3.У от-ем – емдік шөптер от-йем – тамақ қоспалары (специи)	МҚ МҚ
2.	Ота (ет.)	1.Ору	МҚ
		2.Емдеу	МҚ, ЖБ, Рах.
		Ота-емлә – емдеу	АЙ
3.	Отачы (з.е.)	Емші	МҚ, ЖБ, МЖ
4.	Отачылық (з.е.)	Емшілік, дәрігерлік	МЖ
5.	Отала (ет)	Емдеу	АИ
6.	Отла (ет.)	Жайылу	МҚ
7.	Отлуқ (з.е.)	Жем астау	МҚ
II.1.	От (з.е.)	1.Шөп:1) шөп сабағы, 2) өсімдік, 3) жем, 4) мал шөбі, 5) шөп үйіндісі (як.), 6) шөп ору (чув.), 7) дән (як.), 8) арам, шөп (ноғ, тат.)	1)як., 2) қар., 3) түрк., түр., 4) өз., гаг., хақ., чув., ноғ, тат.
		2.Емдік шөп	Түр., бал.
		3.Улы шөп	Кбал, як., түр.
		4.Өсінді	Як.
		5.Кепкен шөп	Чаг.
		6.Мәнсіз	Түр. Диал.
		7.Бир от жылқы – бір табын жылқы	Қырғ.
2.	Ота (ет.)	Ору	Түрк., ққал., хақ., алт., тат., баш.,
3.	Отама (ет.)	Жазылу, емделу	Түр.
4.	Отамақ (ет.)	Емдеу	Түр.
5.	Отачы (з.е.)	Емші, дәрігер	Түр., монғ.
6.	Отар (ет.)	1.Бағу, жаю	Қырғ.
		2.Малды жемдеу, шөп беру	Түр., түрк., өз.
		3.Малды ерекше жайылымда ұстау	Өз.
1	2	3	4
7.	Отық (ет.)	Шөпке үйрену, дағдылану	Түрк., қырғ., ққалп.
III.1.	От (з.е.)	Шөп	Қазақ тілінде
2.	Ота (ет.)	1.Арам шөптен тазарту	
		2.Құрту, қырып-жою	
3.	Отай (ет)	1.Шөптің молаюы, көбеюі	
4.	Отақ (з.е.)	1.Арам шөптен тазарту шарасы	
		2.Арам шөп	
5.	Отақшы (з.е.)	Отаққа қатысушы	


6.	Отамалы (з.е.)	1.Көктемнің жайсыз мерзімі 2.Орылатын арам шөп	
7.	Оттық (з.е.)	Атқа шөп салатын ақыр	Орын: Ад., Бер., Орал: Жән.
8.	Отар (з.е.)	1.Бөлек бағылатын бір қора қой 2.Жайылым 3.Қанаудағы ел	
9.	Оташы (з.е.)	Сынықшы	
10.	Отта (ет.)	1.Жайылу, қоректену 2.Көну, мылжыңдау	
11.	Отты (сын е.)	Шүйгін жер	
12.	Отық (ет.)	1.Төлдiң шөп жеп үйренуі, әдеттенуі 2.Тойыну	
13.	Отын (з.е.)	Жағылатын зат	

ғылыми да қажеттілігі шамалы. Сондықтан профессор В.Н.Топоровтың «Этимолог этимологияланатынды этимологиялайды» деуінің жаны бар. Сонымен қатар көрнекті түркітанушы Э.Н.Наджип айтқандай: «Әдетте белең алған әдет жекелеген сөздердің төркінін іздемеу керек, талдауға барлық түркі тілдері мен жазба ескерткіштердің бүтін бір лексикалық-семантикалық тобын кешенді түрде қарастыру қажет» [27, 80]. Ол лексикалық-семантикалық семалар тобы – «от» этимоны. Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде көп тараған «от» түбірлі сөздер. Ол үшін бұл сөздің түрлі сөздіктердегі тұлғалары мен мағыналарын кесте жүзіне түсірсек, былай болып шығады [28; 29; 4]:

В.Пизани «...Объяснить изменение значения равносильно установлению этимологии нового слова, которое формально идентично старому, т.е. мы должны восстановить весь процесс, в результате которого новое слово было первоначально создано» [23,142] деген пікірі этимологиялық зерттеулерде семантикалық принципті қолданудың маңызын дәлелдесе, О.Н.Трубачевтың «этимология и связанная с ней реконструкция древнего значения важна не только сама по себе и для себя, но и для полного адекватного анализа современного значения слова» [21,11] деген ойына көне және қазіргі мағыналардың семантикалық деривация процесін қалпына

келтіруде «от» түбірлі сөздердің лексикалық, грамматикалық дериваттары дәлел болады. Әрбір сөздің этимологиясы салыстырмалы грамматикамен, оның ішінде салыстырмалы фонетика, салыстырмалы морфология және салыстырмалы сөзжасамдармен байланысты. Кейбір сөздердің этимологиясын іздеуде барлығы да, немесе екеуі, немесе біреуі ғана қолданылуы мүмкін [30, 24]. «От» түбірлі сөзде *басты басымылыққа салыстырмалы семантика* алынады да, салыстырмалы морфология мен сөзжасам көмекші қызметтер атқарады. Оны «от» түбірлі сөздерді көне және орта ғасырдағы түркі тайпаларының (I топ), қазіргі түркі тілдерінің (II топ) және қазіргі қазақ тіліндегі (III топ) сөздік мәліметтері [31] арқылы талдап көрелік.


«От» түбірлі 7 сөз V-XIII ғасырлардағы көне, орта түркі ескерткіштерінде 10 мағынада сақталған. «От» зат есімінен туындаған етістіктер мен зат есімдер 2 жолмен жасалған: алғашқысы от түбірінен жасалған туынды негіздер, екіншісі ота негізінен жасалған сөздер. Схема түрінде:



Туынды сөздердің мағыналары «от» сөзінің «шөп» деген негізгі мағынасы мен «дәрі» деген туынды мағынасынан таралады. «Шөп»


семантикалық өрісінен «ору», «жайылу», «астау» мағыналары, «дәрі» семантикалық өрісінен «емші», «емшілік», «емдеу» мағыналары туындаған.

«От» түбірлі 7 сөз қазіргі түркі тілдерінің батыс, шығыс бұтақтарының 20 шақтысында туынды зат есім, негізінен етістік ретінде 15 мағынада сақталған. Туынды түбірлі қазіргі түркі тілдерінде де 2 жолмен, негізінен «ота» түбірлі арқылы жасалған:



Туынды сөздердің 4 мағынасы ғана «от» сөзінің «дәрі» семантикалық өрісімен байланысты да, 11 мағынасы «шөп» семантикалық өрісінен туындаған. Танылушы зат адамның өмір-тіршілігіне қаншалықты қажет болса, соншалықты жан жақты танылады. Жан жақты танылған сайын күнделікті өмірде, шаруашылықта көп қолданылып, соған байланысты ұғым-

түсініктер кеңейіп, аталатын зат-құбылыстар көбейе береді. Демек көбірек, кеңірек танымал құбылысқа, оның атауына байланысты сөздер де біршама болады. От сөзінің «шөп» мағынасына қатысты туынды сөздер мен мағыналардың басымдығын осылай ғана түсіну, түсіндіру қажет. Қазіргі қазақ тілінде «от» түбірлі 13 сөз 20 мағынада сақталған. Туынды сөздердегі 6 зат есім 11 мағынада, 4 етістік 7 мағынада, 1 сын есім 1 мағынада қолданылады. Олар да 2 жолмен жасалған.




Қазіргі қазақ тіліндегі туынды сөздердің 1 мағынасы ғана «от» сөзінің «дәрі» семантикалық өрісінен, 19 мағынасы «шөп» семантикалық өрісінен туындаған. «Дәрі, ем» мағынасына қатысты «оташы» сөзінің өзі «сынықшы», яғни емші де емес, дәрігер де емес,

Р/с	Орта түркі	Қазіргі түркі тілдері	Қазіргі қазақ тілі	Жалпы мағынасы
1.	От	От	От	Шөп, дәрі
2.	Ота	Ота	Ота	Ору
3.	Отачы	Отачы	Оташы	Емші
4.	Отачылық			Емшілік
5.	Отала			Емдеу
6.	Отла		Отта	Жайылу
7.	Отлуқ		Оттық	Астау
8.		Отама		Емделу
9.		Отамақ		Емдеу
10.		Отар	Отар	Бір қора қой
11.		Отық	Отық	Шөпке үйрену
12.			Отай	Шөпке тойыну
13.			Отақ	Арам шөптен тазарту
14.			Отақшы	Отаққа қатысушы
15.			Отамалы	Арам шөп
16.			Отты	Шүйгін жер
17.			Отын	Жағылатын зат


шипаягер ғана. Демек ҚҚТ-інде оттың шөптік қасиетінің көп танылуы қазақ халқының негізгі кәсібі – мал шаруашылығымен айналысуымен байланысты.

Жоғарыдағы 3 дереккөздегі «от» түбірлі сөздердің жинақ кестесі:

Көне, орта түркі жазба ескерткіштері, қазіргі түркі тілдері және қазіргі қазақ тіліндегі «от» түбірлі және қазіргі қазақ тіліндегі «от» түбірлі сөздердің семантикалық деривациясы барлығы 17 сөз 31 мағынада зат есім, егістік, сын есім сөз таптарында сақталған. Туынды морфемалар «от» және «ота» түбір-негіздерден 2 түрлі жолмен жасалады, яғни морфологиялық құрылымы:



31 мағыналы 17 сөз «шөп» деген негізгі, «дәрі» деген туынды мағыналардан тарамдалады, яғни семантикалық құрылымы:



Түйіндер мен қорытындылар. Түркі «от» этимонының этимологиясын сөз семантикасы, сөз тіркесі семантикасы, түбір

сөз семантикасы, туынды сөз семантикасы, күрделі сөз семантикасы тұрғыларынан талдай отырып, өсімдік «от» семасының архисемасы – «өсімдік» мағынасы.

«От» түбірлі сөздердің морфологиялық, семантикалық дамуы қазіргі қазақ тілінде, көне, орта түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріне қарағанда, жоғары екендігі көрінеді. Оған дәлел – қазіргі қазақ тіліндегі 13 сөздің 20 мағынада болуы.

Алда «шөп, өсімдік» мағынасындағы «от» ІІ сөзі мен шоқ пен жалынның және жану процестерінің жинақы аты – «от» І сөзінің генетикалық тектестігінің этимологиялық-семантикалық байланысын дәлелдеу міндеті тұр.

«От» І, ІІ сөздердің генетикалық тектестіктегі синкретті түбір болуының басты себебі – әуел баста жанатын зат, отын – өсімдік атаулы болғандығы. О.Сүлейменов үндіевропа тілдеріндегі «от» түбірлі сөздердің түп төркіні түркі тілдерінде екенін дәлелдейді. [22,29-30].

«От» этимонының семантикалық құндылығы семантикалық мазмұн, семантикалық мағына, семантикалық мән деген деңгейлерден тұрады.

*Қысқартулар тізімі

1. Той – Тойоктан табылған жазу.
2. Рах – Рахмати жинаған жазбалар.
3. МӨЖ – “Манихейліктердің өкініп жалбарынуы” жазбасы, немесе “Хуастуанифг”.
4. АИ – А.Йүгінекидің “Ақиқат сыйы” дастаны.
5. АЙ – “Алтын йаруқ” жазбасы.
6. ММ – Манихей мазмұнды жазулар.
7. МҚ – М.Қашқаридың “Түркі тілі сөздігі”.
8. ЖБ – Ж.Баласағұнның “Құтты білік” дастаны.
9. МЖ – Манихей жазулы ескерткіші.
10. ҚҚТ – қазіргі қазақ тілі.

Әдебиеттер тізімі

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері / К.Аханов. – Алматы: Мектеп, 1973. – 623 б.
2. Аманжолов С. Көп мағыналы және бір түбірдің бірнешеге жарылуы // Пионер. – Алматы: БМБ, 1941. – № 4. – 22 б.

3. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / Э.В.Севортян. – Москва: Наука, 1978. – 349 с.
4. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / Э.В.Севортян. – Москва: Наука, 1974. – 767 с.
5. Филин Ф.П. О лексике древнерусского языка // Вопросы языкознания, Москва: – Наука, 1982. – № 2. – С. 3-17.
6. Щербак А.М. Состояние работы и задачи составления этимологических словарей тюркских языков // Советская тюркология. – Баку, 1975. – № 4. – С. 3-10.
7. Степанов Ю.С. Методы и принципы современной лингвистики / Ю.С.Степанов. – Москва: Наука. – 1975. – 311 с.
8. Вейнрейх У. Опыт семантической теории // Новое в зарубежной лингвистике, Вып. X. – Москва: Прогресс. – 1981. – 50-177. – 567 с.
9. Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики / Д.Н.Шмелев. – Москва: Высшая школа, 1973. – 232 с.
10. Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. / В.Г.Кондратьев. – Ленинград: Ленинградский университет, 1981. – 191 с.
11. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (Семантикалық аспект) / А.Салқынбай. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
12. Вопросы методики сравнительно-исторического изучения индоевро-пейских языков. Москва: Издательство АН СССР, 1956. – 323 с.
13. Иванов С.К. О сохранении в строе языка его прежних состояний // Советская тюркология, 1973. – № 6. – С. 9-16.
14. Славский Ф. Из опыта работы над этимологическим словарем польского языка // Вопросы языкознания. – Москва: Наука. – 1976. – № 4. – С. 55-59.
15. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке / А.Т.Кайдаров. – Алматы: – Ғылым, 1986. – 323 с.
16. Наджип Э.Н. О средневековых литературных традициях и смешанных письменных языках // Советская тюркология, 1970. – № 1. – С. 38-46.
17. Алексеев А.А. О принципах семасиологии “культурных слов” (История слова “чиновник” в русском языке XVIII в.) // Системные отношения в лексике и методы их изучения, Межвузовский научный сборник. – Уфа: БГУ, 1983. – С. 98-105. – 143 с.
18. Корованенко Т.А. Семантические основы выделения многозначных слов и омонимов в диалектном словаре, // Исследования по исторической семантике. – Калининград: КГУ, 1980. – С. 14-24.
19. Әмірәлиев Қ., Ибатов Ә., Жұбанов Е. Тіл тарихы – тілдің өз қойнауында // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1991. – №3. – Б. 64-70.
20. Кайдаров А.Т. Тюркская этимология: проблемы и задачи // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы: Ғылым, 1990. – С. 5-25.
21. Трубачев О.Н. Реконструкция слов и их значений // Вопросы языкознания. – Москва: Наука, 1980. – № 3. – С. 3-14.
22. Сулейменов О. Тюрки в доистории / О.Сулейменов. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 с.
23. Пизани В. Этимология. История – проблемы – методы / В.Пизани. Москва: Иностранная литература, 1956. – 188 с.
24. Булаховский Л.А. Введение в языкознание, Ч. II, Семасиология. / Л.А. Булаховский. – М.: Учпедгиз, 1953. – 215 с.
25. Славский Ф. Из опыта работы над этимологическим словарем польского языка // Вопросы языкознания, – Москва: Наука, 1976. – № 4. – С. 55-59.
26. Татаринцев Б.И. О реконструкции мотивирующего семантического признака в процессе этимологизации (на материале тюркских языков) // Теория и практика этимологических исследований, – Москва: Наука: – 1985. – С.35-42. – 104 с.
27. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века, «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык, Ч. I / Э.Н. Наджип. – Алматы: Наука. – 1975. – 217 с.
28. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука. – 1969. – 676 с.
29. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 5-т, (О-Ө). – Алматы: Ғылым. – 1976. – 695 б.
30. Трубачев О.Н. Реконструкция слов и их значений // Вопросы языкознания, – 1980. – №3. – С. 48-56.
31. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан. – 1994. – 304 б.

Ш.Ш. Жалмаханов¹, А.Е. Жартыбаев²

¹ *Медицинский университет Караганды, Караганды, Казахстан*

² *Международный университет Silkway, Шымкент, Казахстан*

Этимология тюркского понятия «от»

Аннотация. Многие лексические единицы языка и их значения нуждаются в этимологическом анализе в отношении происхождения и истории определенных слов. А этимология как раздел лексикологии исследует теоретические обоснования и методическое усовершенствование анализа.

Для того, чтобы выяснить цель определения происхождения и историю определенного слова или слов необходимо выяснить первичное значение у одних слов, а в других словах вторичные, т.е. производные значения, у третьих лексем - значения в составе лексических фразеологических словосочетаний, в крылатых выражениях, поговорках и пословицах, и в результате сбора и разбора материалов сделать определенные выводы.

Постановка таких целей и задач существует со дня формирования науки о языке, так как происхождение и история слов и их значений интересовали население в практических, а ученых в научных целях.

Основным объектом данного исследования является история семантики слов, поэтому были применены такие приемы и способы, как диахрония-синхрония, анализ-синтез, индукция-дедукция, компонентный и комплексный анализы ретроспективного метода.

В статье учитываются все лексические, стилистические и грамматические значения, грамматические формы в виде корневой и производной морфемы, а также семантика в составе лексических и устойчивых словосочетаний общетюркского корневого слова «от». Анализ охватывает языковые материалы тюркских письменных памятников и современных тюркских языков. Этимологический анализ этимона «от» теоретически основывается на разработанных нами 5 принципах этимологической теории: семантика слова – семантическая деривация – деривационный процесс – виды реконструкции и семантическая реконструкция – компаративистические основы этимологии слова. Этимологический разбор слова «от» проводится на фонемном, морфемном, лексемном и синтагматических уровнях, т.е. подвергается комплексному анализу.

В результате всестороннего рассмотрения тюркского этимона «от» в аспектах семантики корневого слова, семантики производного слова и семантики сложного слова можно заключить, что архисемой этимона «от» – является значение «растение».

Ключевые слова: происхождение и история значения слова, тюркские письменные памятники и современные тюркские языки, этимологическая реконструкция, фоно-морфо-синтагма-семантическое поле.

Sh. Sh. Zhalmakhanov¹, A.E. Zhartybaev²

¹ *Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan*

² *Silkway International University, Shymkent, Kazakhstan*

Etymology of the Turkic concept «ot» («fire»)

Abstract. Many lexical units of the language and their meanings need etymological analysis of the origin and history of certain words. Etymology as a branch of lexicology explores the theoretical foundations and methodological improvement of the analysis.

To find out the purpose of determining the origin and history of a certain word or words, it is necessary to find out the primary meaning of some words, and in other words secondary, i.e., derived meanings, in third lexemes, the meaning of lexical phraseological phrases, in winged expressions, sayings and proverbs, as result of collecting and analyzing materials and draw certain conclusions.

The setting of such goals and objectives has existed since the formation of the science of language. Because the origin and history of words and their meanings have been of interest to the population for practical purposes, and scientists for scientific purposes.

The main object of the study is the history of the semantics of words. The authors have used such techniques and methods as diachrony-synchrony, analysis-synthesis, induction-deduction, component, and complex analysis of the retrospective method.

The article considers all lexical, stylistic, and grammatical meanings, grammatical forms in the form of root and derived morphemes, as well as semantics in the composition of lexical and stable word combinations of the common Turkic root word «ot». The analyses covered the linguistic materials of the Turkic written monuments and modern Turkic languages. Etymological analyses of the etymon «ot» are theoretically based on the 5 principles of etymological theory developed by authors. These principles of etymological theory word include: semantics – semantic derivation – derivational process – types of reconstruction and semantic reconstruction – comparative bases of word etymology. Etymological analysis of the word «ot» is carried out at the phonemic, morphemic, lexemic, and syntagmatic levels, i.e., it is subjected to a comprehensive analysis.

As a result of comprehensive consideration of the Turkic etymon «ot» in aspects of the semantics of root words, derived words semantics and the semantics of the complex words it can be concluded that archiseme of the etymon «ot» – value is «plant».

Keywords: origin and history of the meaning of the word, Turkic written monuments and modern Turkic languages, etymological reconstruction, phono-morpho-syntagma-semantic field.

References

1. Akhanov K. Til biliminin negizderi [Foundations of linguistics] (Mektep Almaty, 1973) [in Kazakh].
2. Amanzholov S. Kup mogeynaly zhane bir tubirdin birneshege zarylyuy [Multi-meaning and one-root expression], Pioneer [Pioneer], 4, 22 (1941).
3. Sevortyan E.V. Etimologicheskii slovar t'yrkskikh iazykov: Obshet'yrkskie i mejt'yrkskie osnovy na byk'vy «B» [Etymological Dictionary of Turkic Languages: Common Turkic and Inter-Turkic Bases on the Letter «B»] (Nauka, Moscow, 1978) [in Russian].
4. Sevortyan E.V. Etimologicheskii slovar t'yrkskikh iazykov: Obshet'yrkskie i mejt'yrkskie osnovy na glasnye [Etymological dictionary of Turkic languages: Common Turkic and inter-Turkic bases on vowels], (Nauka, Moscow, 1974) [in Russian].
5. Filin F.P. O leksike drevnerusskogo iazyka [On the vocabulary of the Old Russian language], Voprosy yazykoznanii [Questions of linguistics], 2, 3-17 (1982).
6. Shcherbak A.M. Sostoianie raboty i zadachi sostavleniia etimologicheskikh slovaroi t'yrkskikh iazykov [State of work and tasks of compiling etymological dictionaries of the Turkic languages], Sovetskaia t'yrkologua [Soviet Turkology], 4, 3-10 (1975).
7. Stepanov Yu.S. Metody i printsipy sovremennoi lingvistiky [Methods and principles of modern linguistics] (Nauka, Moscow, 1975) [in Russian].
8. Weinreich U. Opyt semanticheskoi teorii [Experience of semantic theory], Novoe v zarubejnoi lingvistike [New in foreign linguistics], Vol. X, 50-177 (1981).
9. Shmelev D.N. Problemy semanticheskogo analiza leksiki [Problems of semantic analysis of vocabulary] (Higher school, Moscow, 1973) [in Russian].
10. Kondratyev V.G. Grammaticheskii stroi iazyka pamiatnikov drevnet'yrkskoi pismennosti VIII-XI vv. [The grammatical structure of the language of the monuments of ancient Türkic writing in the VIII-XI centuries] (Leningrad University, Leningrad, 1981) [in Russian].
11. Salkynbai A. Tarikhi sozzhasam (Semantics aspect) [Kazakh history word formation (semantic aspect)] (Kazakh University, Almaty, 1999) [in Kazakh].
12. Voprosy metodiki sravnitel'no-istoricheskogo izy'cheniia indoevropeskikh iazykov [Questions of methods of comparative historical study of Indo-European languages] (Izdatelstvo AN SSSR, Moscow, 1956) [in Russian].
13. Ivanov S.K. O sohraneni v stroe iazyka ego prejnih sostoianii [On the preservation in the structure of the language of its previous states], Sovetskaia t'yrkologua [Soviet Türkology], 6, 9-16 (1973).
14. Slavsky F. Iz opyta raboty nad etimologicheskim slovarem polskogo iazyka [From the experience of working on the etymological dictionary of the Polish language], Voprosy iazykoznanii [Questions of linguistics], 4, 55-59 (1976).
15. Kaidarov A.T. Str'ykt'ira odnoslojnykh kornei i osnov v kazahskom iazyke [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language] (Gylm, Almaty, 1986) [in Russian].
16. Najip E.N. O srednevekovykh literat'yrnykh traditsiakh i smeshannykh pismennykh iazykakh [About medieval literary traditions and mixed written languages], Sovetskaia t'yrkologua [Soviet Türkology], 1, 38-46 (1970).
17. Alekseev A.A. O printsipakh semasiologii "k'lt'yrnykh slov" (Istoria slova "chinovnik" v r'yskom iazyke XVIII v.) [On the principles of the semasiology of "cultural words" (History of the word "official" in the Russian language of the 18th century)], Sistemnye otnosheniia v leksike i metody ih izy'cheniia [System relations in

vocabulary and methods of their study], *Mejv'yzovskii na'chnyi sbornik* [Interuniversity scientific collection], 98-105 (1983).

18. Korovanenko T.A Semanticheskie osnovy vydeleniia mnogoznachnyh slov i omonimov v dialektnom slovare [Semantic foundations for highlighting polysemantic words and homonyms in a dialect dictionary], *Issledovaniia po istoricheskoi semantike* [Research on historical semantics], 14-24 (1980).

19. Umiruliev K., Ibatov A., Zhabanov E. Til tarikhy - tildin uz koynauynda [The history of the language-in the language itself], *Kazakh tili men әdibieti* [Kazakh language and literature], 3, 64-70 (1991).

20. Gaidarov A.T. Tıyrkskaia etimologıia: problemy i zadachi [Türkcic etymology: problems and tasks], *Problemy etimologii tıyrkskih iazykov* [Problems of etymology of Türkcic languages], 5-25 (1990).

21. Trubachev O. N. Rekonstrıyksiia slov i ih znachenıı [Reconstruction of words and their meanings], *Voprosy iazykoznanıia* [Questions of linguistics], 3, 3-14 (1980).

22. Suleimenov O. Tıyrkı v doistorıı [Türks in prehistory], (Atamura, Almaty, 2002) [in Russian].

23. Pisani V. Etimologıia. Istorıia – problemy – metody [Etymology. History - problems - methods] (Foreign Literature, Moscow, 1956) [in Russian].

24. Bulakhovsky L.A. Vvedenie v iazykoznanıe, Ch. II, Semasiologıia [Introduction to Linguistics, Part II, Semasiology] (Uchpedgiz, Moscow, 1953) [in Russian].

25. Slavsky F. Iz opyta raboty nad etimologicheskım slovarım polskogo iazyka [From the experience of working on the etymological dictionary of the Polish language], *Voprosy iazykoznanıia* [Questions of linguistics], 4, 55-59 (1976).

26. Tatarintsev B.I. O rekonstrıyksiı motivıryıyego semanticheskogo priznaka v protsesse etimologizatsıı (na materiale tıyrkskih iazykov) [On the reconstruction of a motivating semantic feature in the process of etymologization (based on the material of the Turkic languages)], *Teoriia i praktika etimologicheskikh issledovanıı* [Theory and practice of etymological research], 35-42 (1985).

27. Najip E.N. Tıyrkoiazychnyi pamiatnik HIV veke, «Gılystan» Seifa Sarai i ego iazyk [Türkcic-speaking monument of the 14th century, «Gulistan» of Seif Sarai and its language], Ch. I, (Nauka, Almaty, 1975) [in Russian].

28. *Drevnetıyrkskii slovar* [Ancient Türkcic dictionary], (Nauka, Leningrad, 1969).

29. Kazakh tilinin tusindirme sozdigi 5-t, (O-Ө) [Explonatory dictionary of the Kazak language 5-b], (Gylım, Almaty, 1976) [in Kazakh].

30. Trubachev O. N. Rekonstrıyksiia slov i ih znachenıı [Reconstruction of words and their meanings], *Voprosy iazykoznanıia* [Questions of linguistics], 3, 48-56 (1980).

31. Nurmagambetov Ә. Bes zhıyz bes soz [Five zhuz and five words] (Rauan, Almaty, 1994) [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер:

Жалмаханов Шапагат Шарапатұлы – профессор, филология ғылымдарының докторы, тілдерді дамыту орталығының профессоры, Қарағанды, Қазақстан.

Жартыбаев Асылбек Есенқұлұлы – профессор, филология ғылымдарының докторы, Silkway Халықаралық университеті тілдік пәндер кафедрасының профессоры, Шымкент, Қазақстан.

Zhalmakhanov Shapagat Sharapatuly – Professor, Doctor of Philology, Professor of the Language Development Center Karaganda Medical University, Karaganda, Kazakhstan.

Zhartybaev Assylbek Eshenkululy – Doctor of Philology, Professor of the Language of International University Silkway, Shymkent, Kazakhstan.